

habarshisi [Bulletin of Al-Farabi KazNU, Series "Pedagogical Sciences",] – No. 2 (79), – Almaty: 2024. – P. 115-131.

14 Ayauzhan Taussogarova, Diana Tuzelbayeva, Saule Bektemirova, Vera Yermakova, Zhaina Satkenova, Abdibek Amirov. Kazakh Gluttonous Discourse Analysis of "Bas Tartu" & "Tabak Tartu": Conceptual Image and Institutional Function // Eurasian Journal of Applied Linguistics, 10(1) (2024) P. 127-138 // <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.10112>.

15 Qazaqtin miftik keyipkerleri [Kazakh Mythical Characters.] / Compiled by S.Itegulova. (Astana, 2016).

Received: 02.04.2025

MFTAP 16.21.47

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss2pp282-293](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss2pp282-293)

Қ.К. Кенжалин¹, Д.Ә. Балтабай¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

«ШЕЖІРЕ-И ТЕРАКИМЕ» ЕҢБЕГІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН КЕЙБІР АРХАИЗМДЕРДІҢ СЕМАНТИКАСЫ

Тарихи шығармалардың, жыр-дастандардың лексикалық қабатын лингвистикалық аспектіде зерделеу тілдің қалыптасу тарихын, дамуын айқындауда маңызды рөл атқарады. Мақалада «Шежіре-и теракиме» тарихи шығармасында кездесетін төре, жақ/жай/йай, байтақ сөздерінің қолданылу сипаты, семантикалық ерекшеліктері қарастырылады. Аталған сөздердің шығу тегіне, қолданылу аясына, қазақ тілінен өзге түркі тілдеріндегі лексика-семантикалық ерекшеліктеріне, фонетикалық, морфологиялық тұлғаларына қатысты тілдік материалдар беріледі. Әбілғазы Баһадүрдің ханның «Шежіре-и теракиме» еңбегі – түркі халықтарының тарихына, мәдениетіне, этнографиясына, жер-су атауларына қатысты мол деректерді қамтитын орта ғасырлық еңбек. XVII ғасырда шағатай жазба тілінде жазылған бұл еңбек – Оғызнама дастанының араб әліпбиімен жазылған нұсқасы. Аталмыш шежіре түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті үшін мәні мен мазмұны жоғары құнды дерек болып саналады. Қолжазба еңбектің лексикалық қабатынан қазіргі қазақ тілінде қолданылатын тіл бірліктерін жиі кездесетірімізге болады. Сондықтан да «Шежіре-и теракиме» еңбегін лингвистикалық аспектіде зерттеу мақаламыздың маңыздылығын көрсетеді. Зерттеу мақаланың негізгі мақсаты – «Шежіре-и теракиме» мәтінінде кездесетін төре, жақ/жай/йай, байтақ сөздерін лексика-семантикалық тұрғыдан саралап, этимологиясын айқындау. Зерттеу барысында семантикалық талдау әдісі, сипаттамалы әдіс, тарихи-салыстырмалы әдіс-тәсілдер қолданылды.

Кілт сөздер: шағатай жазба тілі, лексикалық қабат, қолжазба, фонетикалық ерекшеліктер, семантика, этимология.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Тіл білімінде тарихи жырлардың, тарихи шығармалардың лексикалық қабатын лингвистикалық аспектіде зерделеу, ондағы тіл бірліктеріне семантикалық, фонетикалық, морфологиялық талдаулар жүргізу тілдің қалыптасу тарихын, дамуын айқындауда маңызды рөл атқарады. Мақалада «Шежіре-и теракиме» мәтінінде кездесетін *төре, жақ/жай/йай, байтақ* сөздерінің қолданылу сипаты, семантикалық ерекшеліктері сараланды. Аталған

сөздердің шығу тегі, қолданылу аясы, қазіргі түркі тілдеріндегі лексика-семантикалық өзгешеліктері, фонетикалық варианттары, морфологиялық тұлғаларының қалыптасуы қарастырылды. XVII ғасырда шағатай тілінде жазылған «Шежіре-и теракима» тарихи еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің біршамасы бүгінгі күнде қазақ тілінде де қолданылады. Ал қазақ тілінің қалыптасуында орта ғасырлық шағатай тілінің алатын орнын ескерсек, ондағы ортақтар мен айырмашылықтарды анықтауда ілкімді зерттеулердің қажет екендігі анық. Зерттеу барысында *төре*, *жақ/жай/йай*, *байтақ* сөздерінің этимологиясына баса назар аударылды. «Шежіре-и теракима» еңбегінде *байтақ/рай-таһт* сөзі «елдің астанасы, бас қаласы» деген мәнде қолданылса, қазіргі қазақ тілінде «ел астанасы» деген семантикасы көмескіленіп, «кең, ұшы-қиыры жоқ, үлкен» деген мағыналық реңкте қолданылады. Яғни парсы тілінен енген байтақ сөзінің «астана» мағынасы бүгінгі күнде көнерген болып табылады. Сондай-ақ шежіре мәтінінде кездесетін «қағида, заң» мәніндегі *төре* сөзі көне түркі тілінде де «заң, билік», ал *төрүмек*, *төрү* етістігі бір елге жататын ру-тайпалардың қарым-қатынастарын реттеп тұратын «заң, қағида» деген ұғымда қолданылған. Қазіргі түрік тілінде *төр* «әдет, ырым», моңғол тілінде *төр* «құрылыс, мемлекет, өкім, билік, басқару, заң» ұғымдарын білдіреді. Ал шежіредегі *садақ* мағынасындағы *жақ/жай/жа* сөздері қазіргі қазақ тілінде көнерген сөз болып табылады. Көне түркі тілінде *йа* – «жақ», *йа қур* – «жай тарту, жақ ату», *йа құрғучы* – «жайшы, жақ атушы» мағыналарын білдірген. Аталған лексикалық бірліктердің семантикалық ерекшелігін айқындауда Дж. Клаусон, А. Ысқақов, Ә. Қайдар, Ш. Сарыбаев, Р. Сыздық т.б. түркітанушы ғалымдардың гипотезалық пікірлері негізге алынды.

КІРІСПЕ

Тілдің қоғамдық құбылыс екендігінің айғағы – уақыт өте келе кез келген тілдің лексикалық қорында түрлі өзгерістер болуында, яғни біріне жаңа сөздер келіп қосылып жатса, кейбір сөздер қолданыс аясынан шығып қалады. Қоғамдық формацияның, ғылым мен техниканың күн санап қарыштап дамуы, ғалымдардың ашып жатқан жаңалықтарының халыққа жариялануы секілді дүниелер тілге әсер етпей қоймайды. Тілдің лексикалық қабатында тілдік бірліктер кірме сөздермен, жаңа сөздермен толығып отырса, кейбір сөздер мағынасының көмескіленуі арқылы пассив қабаттарға ауысып отырады. Ал лексикалық қордағы сөздердің семантикалық мән-маңызын анықтауда лингвистикалық зерттеулер қашан да маңызды болмақ.

Әбілғазы Баһадүр хан еңбектерінің ішінде бүгінгі қазақ ғылымында кең зерттеліп келе жатқаны – «Шежіре-и түрк» еңбегі. Аталмыш еңбек тарихи тұрғыдан да, филологиялық жақтан да зерттеу нысанына алынып келеді. Қазақ тіл білімінде «Шежіре-и түркті» лингвистикалық аспектіде зерттеген ғалым – Б. Әбілқасымов. Ғалымның ««Түркі шежіресі» және оның тілі» атты зерттеу еңбегі «Шежіре-и түрктің» жариялануы мен зерттелуіне, шежіренің фонетика-орфографиялық, лексика-фразеологиялық сипаты мен грамматикалық құрылысына қатысты талдаулардан тұрады. [1, 117]. Ал Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и теракима» еңбегі тілдік тұрғыдан алғаш рет зерттеу нысанына алынып отыр. «Шежіре-и теракима» – Оғызнаманың түркімендік (нұсқасы) риуаяты. Түркімендер арасында кең таралған Оғыз туралы риуаяттар мен осыған дейінгі «Оғызнамаларды» қамтиды [2, 28]. Аталмыш шежірені алғаш болып зерттеген ғалымдардың бірі – А.Н. Кононов. Ғалымның «Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-гази» атты зерттеуі 1958 жылы жарық көрген. Зерттеуде қолжазбаның орысша аудармасы, фонетикасы, морфологиясы, синтаксисі және шежіренің жеті нұсқасын қамтитын салыстырмалы мәтіндер берілген [2, 27]. Шежіре тілін қатысты тағы бір еңбектердің бірі – түрік ғалымы З.К. Өлмездің «Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terakime» (Анкара, 1996) монографиялық зерттеуі. Зерттеу жұмысында «Шежіре-и теракименің» фонетикасы мен морфологиясы талданып, қолжазбаның түрікше аудармасы, Т (Ташкент) және L (Ленинград) нұсқаларының факсимилесі берілген. Ал біздің зерттеуіміздің аталған еңбектерден басты ерекшелігі – шежіренің лексикалық қабатын зерттеп, ондағы

әрбір тілдік бірліктердің этимологиясын, семантикалық қырын айқындау. Атап айтқанда, зерттеу мақалада «Шежіре-и теракима» мәтінінде кездесетін *төре, жақ/жай/йай, байтақ* секілді сөздердің лексика-семантикалық ерекшелігі сараланады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу барысында «Шежіре-и теракима» шығармасының Т (Ташкент) нұсқасы басшылыққа алынды. Бұл нұсқа Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясы, Шығыстану институтының Ташкент қолжазбалар жинағында сақталған: қолжазба № 171, инв. № 1522/V [2, 25]. Т (Ташкент) нұсқасын транскрипциялаған – түрік ғалымы З.К. Өлмез. Шежіре 1659-1660 жылы жазылған. Шығармаға түркімен тайпалары арасындағы риуаяттар, сол дәуірдегі түркімен ғалымдарының, бектерінің қолындағы шежірелер жинағы дереккөз болған. Сонымен қатар шежіреге Рашид ад-диннің «Жамиғ ат-тауарихындағы» Оғызнама аңыз-дастаны негіз болған. Автор өз шежіресінде қазақ топонимдеріне, этнонимдеріне, этнографиясына қатысты деректер мен түркі халықтарын құраған ру-тайпалардың атауы мен этимологиясына қатысты мол мағұлматтарды көрсетеді. Шығарма тілін қыпшақ, оғыз тілдік элементтері құрағандықтан, қыпшақ тобына жататын қазақ тілімен сабақтастықта қарауымызға себеп болды. Шежіредегі сөздерді лексика-семантикалық жақтан талдап, этимологиясын жасау қазіргі қазақ тіліндегі түбірлер мен қосымшалардың тарихи даму, қалыптасу сипатын анықтауға үлкен септігін тигізеді. Сондай-ақ «Шежіре-и теракима» еңбегі түркі халықтары жайлы, олардың тарихы, мәдениеті, этнографиясы, фольклоры, тіпті ономастикалық атаулары жайлы да көп деректерді қамтиды. XVII ғасырда шағатай жазба тілі негізінде жарық көрген аталмыш шежіре түркі тілдерінің тарихы үшін, әсіресе, көне түркілік элементтер мол сақталған қазіргі қазақ тілі тілінің тарихи даму сатысын саралауда құнды материал болып саналады. Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и теракима» еңбегі лексикалық қоры жағынан қазіргі қазақ тіліне өте жақын. Шежіре мәтініндегі тілдік бірліктердің дыбыстық, морфологиялық құрылымы жағынан түркі тілдеріне, атап айтқанда, қазақ тіліне жақындығы ескеріліп, зерттеудің негізгі дереккөзі ретінде алынды. Қолжазба мәтіндегі араб, парсы, моңғол элементтері әлі де болсын семантикалық тұрғыдан, этимологиялық жағынан жіті зерттеулерді талап етері анық. Зерттеу мақалада талдауға түскен *төре, жақ/жай/йай, байтақ* сөздерінің түп төркінін анықтау қазақ тілі сөздік қорының тарихи дамуын зерделеуде маңызды саналады. Мақалада аталмыш сөздердің лексика-семантикалық қыры сараланды. Сонымен бірге алтайтану, түркітану ғылымындағы зерттеуші ғалымдардың ғылыми-теориялық гипотезалары келтірілді. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген деректер тарихи грамматика, салыстырмалы тіл білімі салаларының дамуына айтарлықтай үлесін қоса алады.

Шағатай жазба тілінде жазылған «Шежіре-и теракима» еңбегінің лексикалық қабаты көне түркі, араб, парсы, моңғол, қытай сөздерінен тұрады. Сондай-ақ қолжазба мәтінде кездесетін кейбір лексикалық бірліктер бүгінгі түркі тілдерінде өзінің семантикалық мағынасын өзгерткен тілдік бірліктер болып саналады. Тілдің жанды құбылыс екенін ескерсек, сөздердің де мағынасының өзгеріп, яғни актив немесе пассив қабатқа ауысып отыруы үнемі жүріп отыратын үдеріс екенін байқаймыз. Мәселен, «Шежіре-и теракима» лексикасында кездесетін *төре, жақ/жай/йай, байтақ* сөздері бүгінгі түркі тілдерінде мағыналық өзгеріске түскен сөздер қатарына кіреді. Аталған сөздердің мағыналық ерекшелігін анықтауда лексика-семантикалық талдау әдісі, жазба мұралар мен ақын-жыраулар шығармашылығындағы қолданысын саралауда тарихи-салыстырмалы әдіс, шежіре мәтініндегі қолданылу жиілігін айқындауда статистикалық әдіс-тәсілдер қолданылды. Сонымен бірге зерттеу мақалада Дж. Клаусонның «An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish» (Oxford, 1972), «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (15-томдық), «Древнетюркский словарь» (1969), «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (1966) пайдаланылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Түркі тілдерін дәуірлеу мәселесінде айрықша сөз болатын маңызды әрі ауқымды кезеңдердің бірі – шағатай дәуірі. Шағатай жазба дәстүрі түркі халықтарының рухани кеңістігінде, ұлт болып ұйысу процесінде айрықша орын алады. Қазіргі роман тілдерінің дамуында латын тілінің рөлі қандай болса, Орта Азиядағы түркі тілдерінің дамуында да шағатай тілінің рөлі соншалықты маңызды болды. Шағатай тілі түркі тілдерінің ортаазиялық тобына жатады. Қараханлы немесе Хаканилер (XI-XIII ғасырлар) және Хорезм (XIV ғасыр) әдеби тілінің жалғасы болып, Тимуридтер билігі кезінде (1405-1506) дамып, өркендеген шағатай тілі, әсіресе Науайдің шығармаларында классикалық деңгейге көтерілген. Шағатай тілінің беделі ғасырлар бойы жоғары, әрі ерекше маңызға ие болды. Шағатай тілінде жазылған «Шежіре-и теракиме» түркітану, шығыстану ғылымында жоғары маңызға ие еңбек болып саналады. Аталмыш еңбек түркітану ғылымында орыс, түрік ғалымдары тарапынан ғана зерттеу нысанына айналды. Сол тұрғыда «Шежіре-и теракименің» түркі халықтарына ортақ шығарма екенін ескеріп, қазақ тіл білімінде лингвистикалық аспектіде зерттеуді аса маңызды деп таныдық.

Зерттеу кезінде «Шежіре-и теракиме» еңбегі лексикасындағы *төре*, *жақ/жай/йай*, *байтақ* сөздері тілдік тұрғыдан таланып, аталмыш сөздердің тарихи жазба мұралар тіліндегі, қазіргі түркі тілдеріндегі қолданылу сипаты қарастырылды. Әбілғазы Баһадүр ханның бұл шежіресі XVII ғасырда жазылса да, көне түркі сөздерін молынан пайдаланған. Хиуа жерінде жазылған еңбектің тілінде кірме сөздер аз кездеседі, таза түркі сөздерінен тұрады. Қолжазбаның мәтінін лексикалық жақтан зерттеп-зерделеу, ондағы әрбір сөздің семантикалық мән-мағынасын айқындау, қазақ тілінің сөздік қорымен сабақтастықта қарау тіліміздің тарихи даму сатысын санамалауда аса маңызды. Сонымен бірге автор шежіренің тіліне қатысты мынадай түсініктеме береді: «*Barça biliñ kim bizdin burun Turki tarih aytqanlar Arabi luğāt-larnı qoşup tururlar ve Farsini hem qoşup tururlar ve Turkini hem sec' qılıp tururlar. Özleriniñ hünerlerin ve üstādlıqlarını xalqğa ma'lum qılmaq üçün biz munlarnıñ hiç qaysısını qılmađuq. Anıñ üçün kim bu kitābnı oquğuçı ve tıñlağuçı elbette Türk bolğusı turur. Bes Türklerge Türkāne aytmaq kerek tā olarnıñ barçası fehm kılğaylar*» (Бізден бұрынғы түркі тарихын жазғандар өздерінің өнерлері мен шеберліктерін көрсету үшін араб, парсы сөздерін қосқанын, түрікшені де сежі (арабтың өлең үлгісі, прозада жасалатын ұйқас) түрінде жазғанын біліңіздер. Бұл кітапты оқитын, тыңдайтын түріктер болатындықтан, біз бұлардың ешқайсысын жасамадық. Шынында да барлығының түсінуі үшін түріктерге түрікше айту керек) [2, 32].

Мақалада *төре*, *жақ/жай/йай*, *байтақ* сөздерінің лексика-семантикалық сипаты біршама зерделенді. Қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген «кең, ұшы-қиыры жоқ, үлкен» мағынасындағы *байтақ* сөзі орта ғасырларда «елдің астанасы, бас қаласы» деген мәнде қолданылғаны, шығу тегі жағынан парсылық элемент екені, аталмыш сөздің «астана» мағынасы бүгінгі күнде көнергендігі сараланды. Тұжырымдай келе, парсылық *байтақ* сөзінің келесідей лексика-семантикалық мағыналары қалыптасқандығын көреміз: 1. тақтың төменгі жағы, аяғы; 2. елдің астанасы, бас қаласы; 3. белгілі бір этникалық-территориялық тұтастық, ел, жұрт; 3. Ұшы-қиыры жоқ кең, үлкен. «Шежіре-и теракиме» еңбегінде *байтақ/рай-таht* сөзі «елдің астанасы, бас қаласы» деген мәнде қолданылса, қазіргі қазақ тілінде «ел астанасы» деген семантикасы көмескіленіп, «кең, ұшы-қиыры жоқ, үлкен» мағынасы жиі қолданылып келеді.

Сонымен бірге зерттеу мақалада «қағида, заң» мәніндегі көне түркілік *төре* сөзі қазіргі түрік тілінде *төр* «әдет, ырым», моңғол тілінде *төр* «құрылыс, мемлекет, өкім, билік, басқару, заң» мағынасында қолданылатыны, ал қазақ тілінде рулық ұғымды білдіруде, *төрелік*, *төreshілік* етуде және *төр* сөзінде сақталғандығы сөз болды. Қазақ қоғамында үстемдік еткен ақсүйектерді, яғни Шыңғыс ханның тұқымын *төрелер* деп атаса, аталмыш сөздің бұдан өзге «тұрақты, қалыпты заңдар жинағы», «әділдік, төрелік, билік айтушы» деген

де ауыспалы мағыналары қалыптасқан. *Төре* сөзінің соңғы бір ауыспалы мағынасы – *бір тектес жанның, нәрсенің жақсысы, асылы*.

Шежіредегі «садақ» мағынасындағы *жақ/жай/жа* сөздері қазіргі қазақ тілінде көнерген сөз болып табылады. Соңғы *жа* варианты қазақ тілінде *сарыжа*, *бұхаржа* сөздерінде сақталған. Ағаштан доғаша иіп немесе иілген іспетті екі бөлікті жалғастырып, екі ұшын қайыспен керіп, сол кермеге оқ (жебе) салып, тартып алатын, өте көне замандардан келе жатқан қару атауы *садақ* (жақ) деп аталған. Сонымен бірге *бұхаржа* және *сарыжа* сөздеріндегі *жа* компоненті де көне *йа* сөзінің қазақша нұсқасы (сөз басындағы *й* дыбысының қазақ тілінде *ж* болып келетіні ескерсек) екені белгілі. Көне түркі тілінде *йа* – «жақ», *йа қур* – «жай тарту, жақ ату», *йа құрғучы* – «жайшы, жақ атушы» мағыналарын білдірген. *Жақ* пен *жай* параллельдері – түркі тілдеріне тән дыбыс алмасулар (ғ~й) нәтижесінде пайда болған бір ғана сөз.

Жоғарыда келтірілген ғылыми-теориялық тұжырымдарды тарихи грамматика, тарихи лексикология, салыстырмалы түркі тілдері пәндері аясында дереккөз ретінде пайдалануға болады. Бұл аталған мақаланың практикалық маңызының жоғары екендігін, тіл тарихын зерттеу ісінде оң нәтижелердің туындауына ықпал ететіндігін көрсетеді.

ТАЛҚЫЛАУ

Сөздің қолданылу тарихын зерттеу сол сөздер білдіретін заттардың, ұғымдардың тарихын бақылаумен байланыстырыла жүргізіледі. Бұл таным тілді иемденуші халықтың этникалық, азаматтық тарихымен ұштасады. Сөздердің қолданылу тарихын әңгімелеу дегеніміз олардың мағыналарының қозғалысына (эволюциясына) үңілу болып шығады. Сөз мағынасының эволюциясы тек дамудан, яғни жақсара түсу сипатында ілгері жылжудан тұрмайды, сонымен бірге сөз мағынасының күңгірттенуі не мүлде ұмытылуы, ауысуы, кеңеюі, тарылуы секілді құбылыстар да сөз табиғатының қозғалысын танытады.

«Шежіре-и теракиме» еңбегінде кездесетін көнерген сөздердің бірі – *байтақ/payı-taht*. Мысалы: *Sultan Muhammed Harezmsahniñ payı-tahtı ve nöker ve hazineniñ turğan yeri turur tip uluğ oğlu Coçi Han ve ikkinçi oğlu Çağatay Han ve üçünçi oğlu Ögedey Han, bu üçisini seksen miñ kişi birlen Ürgençke yiberdi* (Сұлтан Мұхаммед Харезмшахтың астанасы, нөкерлері мен қазынасының тұрған жері деп үлкен ұлы Жошы ханды, екінші ұлы Шағатай ханды, үшінші ұлы Үгедей ханды, үшеуін сексен мың адаммен Үргенішке жіберді) [2, 135]. Қолжазба мәтіндегі *байтақ* сөзі «елдің астанасы, бас қаласы» деген мағынада 4 рет қолданылған. *Байтақ* сөзі – парсы тілінен енген элемент. Қазақ тілінде аталмыш сөздің мынадай тұлғалары сақталған: *байтақ*, *пайтақ*, *пайтақыт*, *пайтахыт*, *пайтахт* [3, 79]. Парсы тіліндегі *пай-тахт* сөзі «астана», тура мағынасында «тақтың төменгі жағы, аяғы» мағынасын білдірген [4, 61]. Түркі тілдерінде «тақтың төменгі тұсы» дегеннен «тақта отырған билеушінің аяқ астындағы (қол астындағы) бағынышты ел» деген ауыспалы мағынасы пайда болуы мүмкін. Талданып отырған *байтақ* сөзінің «астана, орталық қала» мәніндегі қолданысын «Алпамыс батыр» жырынан да кездестіруімізге болады:

Байсын деген өз елім,

Жиделі *байтақ* қаламыз [4, 61]. Яғни мұнда байтақтың «орталық қала, астана» мағынасы берілген. Ал «Қобыланды батыр» жырында байтақ сөзі «кең, үлкен» деген сындық мағынада келеді:

Жасыл *байтақ* жері бар,

Айдынды шалқар көлі бар [4, 61].

Аталмыш сөз бұрын қазақ тілінде «белгілі бір этникалық-территориялық тұтастық, ел, жұрт» мағынасында да жұмсалған. Мысалы, «Едіге» жырында:

Байтақ бөліп береді,

Патсалықты құр сәна, – деген үзіндіде кездеседі. Мұнда *байтақ* сөзі «кішігірім хандық, ел-жұрт мағынасын білдірген. Ал Шалкиіз жырау толғауында:

Алаштан *байтақ* озбаса,

Сыпайышылық сүрмен-ді, – деп келеді. Бұхар жырау:

Байтағың байып, мал беріп,

Байрақты жерге қыстатқан, – деп жырласа, Махамбет ақын өз өлеңдерінде *байтақ* сөзін «ел-жұрт» мағынасын білдіруде қолданған:

Біздің Ер Исатай өлген күн,

Он сан *байтақ* бүлген күн [4, 59-60].

Батырлық жырларда *байтақ* сөзі *ел*, *жұрт* сөздерімен бірге, *байтақ ел*, *байтақ жұрт* тіркестерімен де ұшырасады. Бұл тіркестер – «барлық ел-жұрт» деген мағынада емес, жалпы «ел-жұрт бірлігі, ру – тайпа одағы» деген түсініктегі плеоназм болып табылады, яғни бір мағынада екі сөздің қатарласа айтылуы, жалпылық ұғымын білдіруі. Мұндай қолданыс тілде жиі кездеседі. Бұлардың көбісі қос сөз ретінде дефиспен немесе біразы бөлек-бөлек, қатар келіп жазылады. Мұндай сөздер бір-бірімен қатар келіп, мағына айқындап, күшейткіш реңк үстейді. Мысалы, *байтақ ел* (ел+ел), *байтақ жұрт* (жұрт-жұрт) т.б.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» (15-томдық) *байтақ* сөзінің үш омонимдік мағыналары берілген: 1) БАЙТАҚ зат. а) парсы тілінен енген сөз *بايتاقت* астана, бас қала; ә) көне мағынасы: мемлекет, қала, полис, кішігірім хандық; б) ауыспалы мағынасы: ел-жұрт. 2) БАЙТАҚ г е о г. Белгілі бір жер бедері, ауа райы, топырақ қабаты фаунасы мен флорасы өзіндік үйлесімділігімен ерекшеленетін жер қабаты, ландшафт. 3) БАЙТАҚ сын. Ұшы-қиыры жоқ кең [5, 604-605].

Байтақ сөзінің о бастағы «ел, жұрт, халық, мемлекет» деген мағыналары уақыт өте келе өзгеріп, «кең, үлкен, барлық» мәніне ауысуы мүмкін. Бұған *байтақ дала*, *байтақ өлке*, *кең байтақ*, *ұлан байтақ* секілді тіркескен сөздер мысал бола алады. Қырғыз тілі диалектісінде *байтақ* «алыс, қиыр» және «өте ертедегі, баяғы» мағыналарын білдіреді [4, 61]. Осындай талдаулар негізінде сөздердің мағыналық өзгерістерін анық аңғаруымызға болады.

Ғалым Э.В. Севортян *байтақ* сөзін этимологиялық тұрғыдан таладай келе, оны көне түркілік элемент деп көрсетеді. Аталмыш сөздің ауыспалы мағыналары келесідей түркі тілдерінде сақталғанын былайша түсіндіреді:

1. *много, многочисленный* «көп, саны көп» – қырғыз, қазақ, түмен татарлары тілінде, қазан татарлары тілінде, ұйғыр тілі диалектісінде; *изобильный, излишний* «көл-көсір, мол» – алтай тілі диалектісінде; *щедрый* «мол, бай» – шор тілінде; *масса, очень много* «көп, өте көп» – қазақ тілінде; значительно «бірталай, біраз» – татар, башқұрт, чуваш тілдерінде; довольно *много, достаточно* «едәуір көп, мол» – чуваш тілінде; порядочно «біраз, біршама» – татар, башқұрт тілдері диалектісінде; изрядно «бірталай, біршама» – башқұрт тілінде; немало «аз емес, біршама» – татар тілінде;

2. *избыток* «артық, артылу» – алтай тілі диалектісінде;

3. *обширный* «кең, байтақ, ұлан-байтақ, ауқымды» – қазақ тілінде; широко *раскинутый, просторный* «кең жайылған, кең көсілген» – қырғыз, қазақ, қазан татарлары тілінде; беспредельный «шексіз» – қазақ тілінде; открытый «ашық, айқын» – әзірбайжан тілінде;

4. *давний, давно* «бұрынғы, ежелгі, ескі, байырғы» – қырғыз, қазақ тілдерінде; Ғалым Э.В. Севортян *байтақ* сөзінің этимологиясына қатысты мынадай гипотеза ұсынады: *байтақ* сөзі *бай* «богатый», «изобильный», «изобилие» + *-тақ* салыстырмалы мәндегі жұрнақ қосылуы арқылы жасалған [6, 36].

Тұжырымдай келе, *байтақ* сөзінің келесідей лексика-семантикалық мағыналары қалыптасқандығын көреміз: 1. тақтың төменгі жағы, аяғы; 2. елдің астанасы, бас қаласы; 3. белгілі бір этникалық-территориялық тұтастық, ел, жұрт; 3. Ұшы-қиыры жоқ кең, үлкен. «Шежіре-и теракима» еңбегінде *байтақ/рай-таһт* сөзі «елдің астанасы, бас қаласы» деген мәнде қолданылса, қазіргі қазақ тілінде «ел астанасы» деген семантикасы көмескіленіп, «кең, ұшы-қиыры жоқ, үлкен» мағынасы жиі қолданылып келеді.

«Шежіре-и теракима» тарихи еңбегінде *məpe/töre* сөзі «заң, қағида, билік» мағынасында қолданылған: *Burunğı ötken biligliler aytp tururlar kim, bir kınğa ikki kılıç sığmas ve bir hatunni ikki er alıp oltura bilmes ve bir yurtğa ikki töre sığmas* (Бұрынғы өткен білімділер

айтқан екен, бір қынға екі қылыш сыймас, бір әйелді екі ер алып отырмас, бір елге екі заң сыймас) [2, 162]. Аталмыш сөздің шежіредегі қолданылу жиілігі – 3. *Төрүмек, төру* етістігі ертеректе бір елге жататын тайпалардың рулардың, жеке кісілердің қарым-қатынастарын реттеп тұратын «заң, қағида» деген ұғымда қолданылған, яғни көне түркі тілінде «тәртіп орнату, реттеу» мағынасында жұмсалған [7, 82-83]. Дәл осы мағынасы қазір де басқа тілдерде де қолданылып келеді: түрік тілінде *төр* «әдет, дәстүр», моңғол тілінде *төр* «құрылыс, мемлекет, өкім, билік, басқару, заң» деген ұғымды білдіреді [8, 188]. Кейін рудағы, тайпа ішіндегі істің бәрін ретке келтіретін, басқаратын адамды *төре* деп, ал оның отыратын орнын *төр* деп атап кетсе керек. *Төре* сөзі қазіргі түркі тілдернің көбінде көнерген сөз ретінде сақталған. Ал *төр* сөзі мағынасы тарылып, қолданылу аясы шектеліп, жалпы үйдің ішкі ең жоғарғы жағы деген ұғымды білдіретін болды.

М. Қашғаридің «Диуани лұғат ит-турк» (1072-1074) сөздігінде *törä* сөзінің *tör* формасы «киіз үйдің төрі, сыйлы орын», ал «Құтты билік» (Герат нұсқасы, 1439) дастанында *törä* сөзі «*qaju elkä tegsä meniñ bu töräm / ol el barça etlür* менің бұл заңым қай елге тисе, жетсе, сол елде бәрі жақсы болады» яғни «закон, обычай» (заң, дәстүр) мағынасында жұмсалған [9, 580].

Қазақ даласында Шыңғыс хан дәуірінен бастап белгілі бола бастаған билеп-төстеуші топты, Шыңғыс әулетін, соның тұқымына жататын ақсүйектер мен олардың ұрпағын *төре* деп атаған. Олар қазақ руларынан бөлек өз алдына дербес қауым болып өмір сүрген. Төрелер өздерін «ақсүйек» деп, қазақ жұртын «қара сүйек» деп атаған. Хандар тек төрелерден сайланатын болған. Олар әкімшілік және сот билігін жүзеге асырып отырған. Сонымен бірге олардың соғыс барысында жеке жасақ құрып, сол жасаққа қолбасшылық ету құқықтары болған. Қазақ қоғамында үстемдік еткен ақсүйектерді, яғни Шыңғыс ханның тұқымын *төрелер* деп атаған. Аталмыш сөздің бұдан өзге «тұрақты, қалыпты заңдар жинағы», «әділдік, төрелік, билік айтушы» деген де ауыспалы мағыналары бар. *Төре* сөзінің соңғы бір ауыспалы мағынасы – *бір тектес жанның, нәрсенің жақсысы, асылы* [10, 647]. Абылай ханның тұсында «төре тұқымының хан, сұлтан, би болғандардың ордасына рұқсатсыз, баса-көктеп кіріп келген қарашаның ат-тоны талауға түсетін болсын» деген заң қағидасы болған. «Шежіре-и теракима» тарихи шығармасында кездесетін *төре* сөзі бүгінгі қазақ тілінде *төреші* сөзінің құрамында «төрелік етуші, кесім беруші» мағынасында және Шыңғыс хан нәсілінен тараған ұрпақтарын «төре» деп атауда қолданылады.

«Шежіре-и теракима» еңбегінде «садақ» мағынасында *йай* тілдік бірлігі қолданылған: *Oğuz Han Şam vilayetinde turğanda pinhani bir nökeriniñ qolına bir altın yay ve üç oqı berdi taqı aytdı yaynı kün tuğışında bir çölde kişi ayağı yetmes yerde torpaqqa kömüp bir uşını ıçıarıp koyğıl* (Оғыз хан Шам уәлаятында тұрғанда жасырын бір нөкерінің қолына бір алтын жай садақты және үш оғын берді және «ол садақты күн туғанда бір шөлде адам аяғы жетпейтін жерге топыраққа көміп, бір ұшын шығарып қой» деп айтады) [2, 145]. *Йай* сөзінің шежіредегі қолданылу жиілігі – 11. *Йай/ жақ/жай/жа* – сөздері *садақ* сөзінің синонимдері ретінде кездесіп жүрген көнерген сөздің бірі. Соңғы *жа* варианты қазақ тілінде *сарыжа, бұхаржа* сөздерінде сақталған. Ағаштан доғаша иіп немесе иілген іспетті екі бөлікті жалғастырып, екі ұшын қайыспен керіп, сол кермеге оқ (жебе) салып, тартып алатын, өте көне замандардан келе жатқан қару атауы *садақ* (жақ) деп аталған. Сонымен бірге бұхаржа және сарыжа сөздеріндегі *жа* компоненті де көне *йа* сөзінің қазақша нұсқасы (сөз басындағы *й* дыбысының қазақ тілінде *ж* болып келетіні ескерсек) екені белгілі. Көне түркі тілінде *йа* – жақ, *йа қур* – «жай тарту, жақ ату», *йа қурғучы* – «жайшы, жақ атушы» деген мағынаны білдірген [10, 221].

Ғалым Дж. Клаусон өзінің «An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish» (1972) сөздігінде *садақ* сөзінің атауына байланысты ол сөздің көне нұсқасы *ya* «*bow, weapon*» (садақ, қару) деп келтіреді. Оған мысал ретінде хакас тіліндегі *ça, сах, охça*, қырғыз тіліндегі *са*, қазақ тіліндегі *jak*, өзбек тіліндегі *yoу*, қарақалпақ тіліндегі *jau*, татар (Қазан) тіліндегі *сеуа*, құмық тіліндегі *јауа*, ноғай тіліндегі *уау*, әзірбайжан, Османлы түрікшесіндегі *уау*, түрікмен тіліндегі *уа:у* тұлғаларын көрсетеді [11, 869]. Сонымен қатар *йай* «садақ»

сөзіне қатысты қолданылатын *қорамсақ* сөзінің құрамындағы *сақ* элементі де *йа/йақ/жа/жақ*, *са/сақ* тұлғаларынан дамып өрбіген деуімізге де болады. Бұған қатысты ғалым Ә. Қайдар мынадай тұжырым жасайды: бұл сөздің түп-төркіні түркі-моңғол тілдеріне ортақ *саа* формасы және оның *йә/йаа/жаа/чаа/һаа/йей/жай/сай/чай/жақ/сақ/чах/жайа/сага/дага* т.б. құбылмалы фонетикалық варианттары [4, 155].

Адырнасына оқ (жебе) тіреп, тартып ататын ағаштан жасалған көне қару атауы XV-XIX ғғ. қазақ тілінде *садақ*, *жақ*, *жай*, *жа* деп аталған. Сондай-ақ *садақ* сөзі бір тілде қарудың өзін, екінші бір тілдерде тек оның қабын, үшінші бір тілдерде қарудың өзін, жабдығын, сауытын қоса алғандағы жалпы атауын білдіруде қалыптасқан. Ал қазақ тілінде *садақ* осы аталған үш мағынаны да қамтыған жалпы атау ретінде қолданылған. Моңғол тілінде *саадаг* «қорамсақ», *саадаг агсах* «қорамсақ асыну» деген мәнде жұмсалған [12, 402].

Махамбет ақын өз толғауларында *садақ* сөзінің орнына *жай* сөзін де қолданған тұстарын байқауымызға болады:

Толғай да толғай оқ атқан,

Он екі тұтам *жай* тартқан [4, 154]. Яғни мұндағы он екі тұтам дегені оқтың ұзындығы емес, жақтың кермесінің (адырнасының) өлшемін айтқандығын көрсетеді. Тұжырымдап айтқанда, *жақ* пен *жай* параллельдері – түркі тілдеріне тән дыбыс алмасулар (ғ~й) нәтижесінде пайда болған бір ғана сөз.

Қазақ тіліндегі жекелеген сөздердің этимологиясына, лексика-семантикалық ерекшелігіне, тарихи жазба мұралардағы қоладнысына қатысты ғылыми-теориялық тұжырымдар мен гипотезалық пікірлер ғалым Ә. Қайдардың «Этнолингвистикалық сөздігі» (2009), Р. Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» (1980), Б. Сағындықұлының «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» атты зерттеу еңбектерде жиі кездеседі. Аталған зерттеулер лексикалық бірліктердің тарихи даму сатысын айқындауда, мағыналық өзгешеліктерді анықтауда, тарихи-салыстырмалы әдіс негізіндегі зерттеулерді жүргізуде аса маңызды саналады.

Түркі тілдес халықтар, олардың тілдерінде ерте кезеңдерден бері қалыптасқан жазба дәстүр бар [13, 10]. Шағатай жазба тіліне негізделген жазба мұраларды Қазақ хандығы кезінде жазылған мұралардан да кездестіруімізге болады [14, 71]. Қазіргі түркітану ғылымындағы маңызды зерттеулердің бірі – тілге синхронды, диахронды тұрғыдан талдаулар жүргізу. Қазіргі тіл білімінде тілді мәдениетпен, этноспен, саясатпен, таныммен байланыстыра зерттеу маңызды болса, тарихи тіл білімінде жазба мұралар тілін зерделеу ісі өзекті әрі қажетті болып отыр [15, 85]. Тіл біліміндегі осындай маңыздылықтарды ескере отырып, Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и теракиме» еңбегін зерттеу нысаны ретінде қарастырдық. Ондағы кейбір архаизмдердің лексика-семантикалық қырын зерделеіп, түркі тілдеріндегі қолданысын сараладық. Жекелеген сөздердің тарихи қалыптасу арналарын айқындау, мағыналық өзгерістерді санамалау тілдің өткен тарихын, алдағы болашағын саралауда аса қажет болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тілінің тарихи сөздік құрамына енетін қомақты тілдік материалдар іс жүзінде жазба ескерткіштерде мол қамтылатындығы баршаға белгілі. Ғылымға белгілі мұрағаттар ішінен ерте және орта ғасырларда жарық көрген филологиялық трактаттар мен әдеби мұраларда кездесетін лексикалық бірліктерді түгендеп, жинастырып, олардың әрбіріне қатысты мағыналық ерекшеліктерін, қазіргі тіл тұрғысынан этимологиясы күңгірт саналатын көнерген сөздердің семантикасын анықтау, ғылыми талдаулар жүргізу тарихи лингвистиканың негізгі міндеттерін құрайды. Тарихи лексикологиялық зерттеулер барысында қазақ тілі тарихи сөздік қорының негізін құрайтын байырғы түркілік лексикалық құрам, ежелгі тіларалық қатынастардың нәтижесінде ескі қытай, моңғол, иран тілдерінен, ортағасырлық парсы, араб тілдерінен енген кірме лексикалық қабаттары айқындалады.

Қорыта айтқанда, Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и теракима» еңбегі түркі халықтарының тарихын, этнографиясын, тілін, мәдениетін, руханиятын бағамдаудағы маңызды еңбектердің бірі болып табылады. Ол – «Оғызнама» дастанының араб әрпімен жазылған нұсқасы. Тарихтан белгілі, Оғыз хан – оғыз тайпалары мен руларының атасы. Оғыз – түркі халықтарының аты аңызға айналған батыры, қолбасшысы. Оғыз қаған туралы барлық жырларда оның өмірі, әскери жорықтары, халық игілігі үшін жасаған істері әңгімеленеді. Орта Азия халықтарының мәдени тарихын зерттеуде «Оғызнаманың» маңызы өте зор. Еліміздегі атақты тарихшылар аталмыш еңбекті өте жоғары бағалайды. Ол тек оғыз тілдерін ғана емес, жалпы ортаазиялық түркі тілдері үшін, соның ішінде қыпшақ тілдері үшін де тарихи, әрі ғылыми маңызға ие. Орта Азия мен Қазақстан аумағында жиі айтылып жүретін «Қорқыт ата» туралы әңгімелер осы «Оғызнама» дастанымен сюжеттес, әрі сабақтас келеді. Сондықтан оларды өз ара тығыз әрі тарихи байланыста қарастыру керек.

«Шежіре-и теракима» еңбегінің лексикалық қорын сараптап қарайтын болсақ, қазіргі қазақ тіліне өте жақын екендігін көре аламыз. Шежіренің тілін басқа түркі тілдерімен салыстыра қарасақ, дыбыстық, морфологиялық құрылымының қазіргі қазақ тілімен дәл түсіп жататындағын байқаймыз. Яғни шығарманың тілінде қыпшақ тілдеріне тән элементтер мол кездеседі.

Сонымен бірге түркі тілдерінің дамуындағы маңызды кезеңдердің бірі шағатай дәуірі болса, ол кезеңге тән шығармалардың лексикалық қабатын зерделеу қай кезде болмасын өзекті. Зерттеу мақалада шежіре лексикасында кездесетін кейбір архаизмдердің лингвистикалық сипаты қарастырылды. Атап айтсақ, *төре*, *жай/йай*, *байтақ* сөздерінің семантикалық мәні, түркі тілдеріндегі қолданысы мен дыбыстық, құрылымдық сипаты айқындалды. Қазақ тілі лексикасындағы жекелеген сөздердің семантикасы, туыс тілдер құрамындағы қолданысы түркі халықтардың көнеден-ақ рухани-мәдени жақындығының тереңде жатқанын байқатады. Сондай-ақ сөздердің көнеруі, қолданыс аясынан шығуы, қолданысқа бірден түсуі, қабылдануы тіл заңдылықтарының тарихи процеске қатыстылығын көрсетеді. Қазіргі таңда тіл білімі саласында сөздердің семантикалық мағынасын айқындауда, сөздің шығу тегін, түп-төркінін анықтауда этимологиялық зерттеулердің алатын орны ерекше.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен АР22687210 ««Шежіре-и теракима» еңбегінің этимологиялық тезаурус сөздігі» гранттық жоба аясында жазылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі. – Алматы: Арыс, 2001. – 246 б.
- 2 Zuhul Kargı Ölmez. Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terākime (Türkmenlerin Soykütüğü). – Ankara: Türk dilleri Araştırmaları Dizisi, 1996. – 559 s.
- 3 Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2017. – 658 б.
- 4 Сыздық Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). 3-басылым. – Алматы: Арыс, 2004. – 232 б.
- 5 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. Қалиев Ғ., Бизақов С., Нақысбеков О. т.б. – Алматы, 2011, 2-том. – А–Б. – 744 б.
- 6 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на букву «Б». – М., 1978. – С. 349.
- 7 Мелиоранский П.М. Памятник в честь Кюль-Тегина // ЗВО ИРАО. Т .XII. – СПб., 1899. – С. 159.

- 8 Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.
- 9 Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – С. 677.
- 10 Жанұзақов Т. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.
- 11 Sir Gerard Clauson. (1972), An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. – Oxford at the Clarendon press.
- 12 Базылхан Б. Монгол-казах толь. Бнмаун-ын Шинжлэх Ухааны Академи Хэл Зохиолын Хүрээлэн. – Улаанбаатар-Өлгий, 1984. – 885 б.
- 13 Daurenbekova L.N., Alimbayev A.E., Kemenger K.R., Bashirov N.K., Imanberdiyeva S.K. (2020), The Idea of eternal country in the First Epic poems of the Turkic people // Rupkatha Journal on interdisciplinary Studies in Humanities [this link is disabled](#). – Vol 12, Issue 4, pp. 1-11.
- 14 Uldanay Jumabay. Duysenali Abdilashim. (2020), The Old Kazakh written language // Ural-Altaic Studies. – Vol 4, pp. 71-76.
- 15 Kenzhalin K.K., Satemirova D., Konyratbayeva Zh., Abdualiuly B. (2021), Eastern and western linguocultural Map: Similarities and Peculiarities // International Journal of Society, Cultural and Language. – Vol 4, pp. 85-97.
- URL-адрес: https://www.ijscel.net/article_246570_4aee18bc09a9c4364df5dc066e1a2e68.pdf

Материал 05.01.2025 баспаға түсті

Семантика некоторых архаизмов, встречающихся в «Шежире-и теракиме»

К.К. Кенжалин¹, Д.А. Балтабай¹

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

*Изучение лексического слоя исторических произведений, поэм и эпосов в лингвистическом аспекте играет важную роль в определении истории и развития языка. В статье рассматриваются характер употребления и семантические особенности слов *торе*, *жак/жай/йай*, *байтак*, встречающихся в историческом труде «Шежире-и теракиме». Приведены лингвистические материалы, касающиеся происхождения этих слов, сферы употребления, лексико-семантических особенностей, фонетических и морфологических признаков в тюркских языках, кроме казахского. Произведение Абульгазы Бахадур хана «Шежире-и теракиме» представляет собой средневековое произведение, содержащее много сведений об истории, культуре, этнографии, топонимике тюркских народов. Данное произведение, написанное на чагатайской письменности в XVII веке, представляет собой вариант эпоса «Огузнама», написанного арабским алфавитом. Этот труд считается ценнейшим документом для истории и культуры тюркских народов. В лексическом пласте рукописей часто можно встретить языковые единицы, используемые в современном казахском языке. Именно поэтому изучение произведения «Шежире-и теракиме» с лингвистической точки зрения показывает важность нашей статьи. Основная цель исследовательской статьи – различить слова *торе*, *жак/жай/йай*, *байтак* с лексико-семантической точки зрения и определить их этимологию. В ходе исследования использовались метод семантического анализа, описательный метод и историко-сравнительный методы.*

Ключевые слова: чагатайская письменность, лексический пласт, рукопись, фонетические особенности, семантика, этимология.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Абилкасымов Б. «Тюркская летопись» Абилягзы-хана и ее язык. – Алматы: Арысь, 2001. – С. 246.

- 2 Zuhall Kargı Ölmez. Ebulgazi Bahadır Han Şecere-i Terākime (Генеалогия туркмен). – Ankara: Türk dilleri Araştırmaları Dizisi, 1996. – 559 s.
- 3 Мамырбекова Г. Толковый словарь арабских и персидских слов на казахском языке. – Алматы, 2017. – С. 658.
- 4 Сыздық Р. Слова говорят (из истории употребления слов). 3-е издание. – Алматы: Арысь, 2004. – С. 232.
- 5 Словарь казахского литературного языка. Пятнадцать томов / Сост. Калиев Г., Бизаков С., Накысбеков О. и т. д. - Алматы, 2011, том 2. - А-Б. – С. 744.
- 6 Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на букву «Б». – М., 1978. – С. 349.
- 7 Мелиоранский П.М. Памятник в честь Кюль-Тегина // ЗВО ИРАО. Т .XII. – СПб., 1899. – С. 159.
- 8 Искаков А., Сыздыкова Р., Сарыбаев Ш. Краткий этимологический словарь казахского языка. – Алматы: Наука, 1966. – С. 240.
- 9 Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – С. 677.
- 10 Жанузаков Т. Словарь казахского языка. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – С. 776.
- 11 Sir Gerard Clauson. (1972), An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. – Oxford at the Clarendon press.
- 12 Базылхан Б. Монгольско-казахский словарь. Институт языка и композиции Академии наук Бенмауна. – Улаанбаатар-Өлгий, 1984. – С. 885.
- 13 Daurenbekova L.N., Alimbayev A.E., Kemenger K.R., Bashirov N.K., Imanberdiyeva S.K. (2020), The Idea of eternal country in the First Epic poems of the Turkic people // Rupkatha Journal on interdisciplinary Studies in Humanitiesthis link is disabled. – Vol 12, Issue 4, pp. 1-11.
- 14 Uldanay Jumabay. Duysenali Abdilashim. (2020), The Old Kazakh written language // Ural-Altaic Studies. – Vol 4, pp. 71-76.
- 15 Kenzhalin K.K., Satemirova D., Konyratbayeva Zh., Abdualiuly B. (2021), Eastern and western linguocultural Map: Similarities and Peculiarities // International Journal of Society, Cultural and Language. – Vol 4, pp. 85-97.
- URL-адрес: https://www.ijscel.net/article_246570_4aee18bc09a9c4364df5dc066e1a2e68.pdf

Материал поступил в редакцию журнала 05.01.2025

Semantics of some archaisms found in “Shezhire-i terakime”

K. Kenzhalin¹, D. Baltabay¹

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

The lexical analysis of historical texts, poems, and epics plays a vital role in tracing the development and history of a language. This article examines the usage and semantic features of the words töre, jak/zhay/yay, and baitak as found in the historical work Shezhire-i Terakime. The study explores the origin, semantic nuances, spheres of use, and phonetic and morphological characteristics of these words across various Turkic languages, excluding Kazakh. Shezhire-i Terakime, authored by Abulgazy Bahadır Khan in the 17th century, is a significant medieval text written in Chagatai script and based on the Oguznama epic, originally composed in the Arabic alphabet. This work holds substantial value for understanding the history, culture, ethnography, and toponymy of Turkic peoples. Many lexical elements found in this manuscript continue to appear in modern Kazakh, underscoring the relevance of a linguistic analysis of the text. The primary aim of this study is to investigate the lexical-semantic properties and etymology of the selected words. The research employs semantic analysis, descriptive, and historical-comparative methods to achieve this objective.

Key words: Chagatai writing, lexical layer, manuscript, phonetic features, semantics, etymology.

REFERENCES

- 1 Abilqasymov B. *Abilgazy hannyn «Turki shejiresi» jane onyn tili* [Abilgazy Khan's "Turkic Chronicle" and its language] (Almaty, 2001). [in Kazakh]
 - 2 Zuhul Kargi Olmez. *Ebulgazi Bahadır Han Shecere-i Terakime* [Ebulgazi Bahadır Han Genealogy of the Turkmens] (Ankara, 1996). [in Turkish]
 - 3 Mamyrbekova G. *Qazaq tilindegi arab, parsy sozderinin tusindirme sozdigi* [An explanatory dictionary of Arabic and Persian words in the Kazakh language] (Almaty, 2017). [in Kazakh]
 - 4 Syzdyq R. *Sozder soileidi (sozderdin qoldanyly tarihyndan)* [Words speak (from the history of the use of words)] (Almaty, 2004). [in Kazakh]
 - 5 *Qazaq adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq* / Qaliev G., Bizaqov S., Naqysbekov O. [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes] (Almaty, 2011). [in Kazakh]
 - 6 Sevortian E.V. *Etimologicheski slovar turkskih iazykov. Obshetyurkskie i mezhtyurkskie osnovy na bukvu «B»*. [Etymological dictionary of Turkic languages. Common Turkic and inter-Turkic stems starting with the letter "B"] (Moscow, 1978). [in Russian]
 - 7 Melioranskij P.M. *Pamyatnik v chest' Kyul'-Tegina* [Monument in honor of Kuhl-Tegina] (SPb., 1899). [in Russian]
 - 8 Ysraqov A., Syzdyqova R., Sarybaev Sh. *Qazaq tilinin qysqasha etimologialyq sozdigi* [Brief etymological dictionary of the Kazakh language] (Almaty, 1966). [in Kazakh]
 - 9 *Drevnetyurkskiy slovar'* [Old Turkic Dictionary] (Leningrad, 1969). [in Russian]
 - 10 Januzaqov T. *Qazaq tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh language] (Almaty, 1999). [in Kazakh]
 - 11 Sir Gerard Clauson. (1972), *An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish*. – Oxford at the Clarendon press. [in English]
 - 12 Bazyllan B. *Mongol-kazah tol'* [Mongolian-Kazakh dictionary] (Ulaanbaatar-Olgij, 1984) [in Kazakh]
 - 13 Daurenbekova L.N., Alimbayev A.E., Kemenger K.R., Bashirov N.K., Imanberdiyeva S.K. (2020), *The Idea of eternal country in the First Epic poems of the Turkic people* // Rupkatha Journal on interdisciplinary Studies in Humanitiesthis link is disabled. – Vol 12, Issue 4, pp. 1-11. [in English]
 - 14 Uldanay Jumabay. Duysenali Abdilashim. (2020), *The Old Kazakh written language* // Ural-Altaic Studies. – Vol 4, pp. 71-76. [in English]
 - 15 Kenzhalin K.K., Satemirova D., Konyratbayeva Zh., Abdualiuly B. (2021), *Eastern and western linguocultural Map: Similarities and Peculiarities* // International Journal of Society, Cultural and Language. – Vol 4, pp. 85-97. [in English]
- URL-адрес: https://www.ijscs.net/article_246570_4aee18bc09a9c4364df5dc066e1a2e68.pdf

Received: 05.01.2025